

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС САЯСАТЫ**

Қызылорда, 2022 жыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын енгізудің мақсаттары мен міндеттері

1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-VЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» іс-қимыл туралы Заңының ережелері мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің сыбайлас жемқорлықты болдырмау және қарсы күрес бойынша әдістемелік нұсқаулықтарына сәйкес жасалынған.

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты университет қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмауға бағытталған Қызылорда «Болашақ» университеті» ЖШС-ң (Әрі қарай- Университет) нормативтік құжаты болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат дегеніміз- сыбайлас жемқорлық қатерлерін азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, қоғамның университет қызметіне сенімділігін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастыру шаралары.

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің негізгі мақсаттары:

- жоғары оқу орнының сыбайлас жемқорлық әрекетке тартылу қаупін минимизациялау;

- университет қызметкерлерінің лауазымдық қызметіне қарамастан сыбайлас жемқорлықты кез- келген формада және көріністе қабылдамау жайлы біртұтас түсінікті қалыптастыру;

- университет қолданысындағы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу саласындағы заңдылықтың негізгі талаптарын жинақтау және түсіндіру.

- Қойылған мақсаттарға жету үшін университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын енгізудің келесі міндеттері айқындалады:

- университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің негізгі принциптерінің бекітілуі;

- саясаттың қолдану аясын және оның әрекет ету шеңберіне ілігетін тұлғаларды анықтау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын жүзеге асыруға жауапты университеттің лауазымды тұлғаларын анықтау;

- университет жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар, стандарттар мен процедуралар тізбегін және оларды орындау тәртібін белгілеу;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты талаптарын орындамағаны үшін университет қызметкерлері жауапкершілігін айқындау.

2. Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптері

2.1. Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу шаралар жүйесі келесі принциптерге негізделеді:

1) Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қолданыстағы заңдылыққа және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестік принципі: жүзеге асырылып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және жоғары оқу орындарына қатысты өзге де нормативті құқықтық актілерге сәйкестігі.

2) Университет басшысының өнеге көрсету принципі: университет басшылығы өз мінез-құлқы арқылы өнеге көрсете отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген формалары мен көріністеріне ымырасыз көзқарастың этикалық стандартын қалыптастыруы қажет.

3) Профессор- оқытушылық құрам мен қызметкерлерді қатыстыру принципі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен принциптерді қалыптастыру мен жүзеге

асыруына лауазымдық қызметіне қарамастан профессор- оқытушылық құрам мен қызметкерлерді белсенді қатыстыру.

4) Нөлдік төзімділік принципі; университетте сыбайлас жемқорлықтың кез- келген формада және көріністе болдырмау.

5) Қауіптерді мерзімді бағалау принципі; университетте мерзімді негізде университеттің тұтастай және оның жекелеген құрылымдарының қызметіне тән сыбайлас жемқорлық қауіптерді анықтау және бағамдау жүргізіледі.

6) Ашықтық принципі; университетте өткізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жайлы бұқараны ақпараттандыру.

7) Жауапкершілік пен жазаны бұлтартпастығы принципі; еңбек міндеттерін орындау барысында жемқорлық құқық бұзушылық жасаған университет қызметкерлері үшін лауазымдық қызметіне, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан жазаның бұлтартпастығы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын жүзеге асырудағы басшылық жауапкершілігі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының жүзеге асырылуына жауапты

3.1 Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған барлық шараларды ұйымдастыруға жауапты тұлға университет ректорының бұйрығымен тағайындалады.

3.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын жүзеге асыруға жауапты тұлғаның негізгі міндеттері:

- университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар даярлау;

- университетте сыбайлас жемқорлықтың пайда болу қаупін туындататын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған ұсыныстар даярлау;

- сыбайлас жемқорлықты болдырмау бойынша шараларды жүзеге асыруға бағытталған нормативті актілер жобасын университет Ғылыми кеңесінің бекітуіне дайындау және ұсыну;

- университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтауға бағытталған шараларды өткізу;

- сыбайлас жемқорлық қауіптерін бағымдаудың өткізілуін ұйымдастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы және алдын алу мәселелері бойынша оқу іс-шарасын ұйымдастыру;

- университет қызметіне сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оған қарсы тұру мәселелері бойынша қадағалаушы және құқық қорғау органдары уәкілетті өкілдердің инспекциялық тексеру жүргізген кезде көмек көрсету;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру мәселелері бойынша іс-шаралар ұйымдастыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты ұйымдастыруға қатысу;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс нәтижелерін бағалау және тиісті есептік материалдарды даярлау.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оны болдырмауға байланысты университет қызметкерлерінің міндеттері.

Лауазымдық қызметі және университеттегі жұмыс өтіліне қарамастан барлық қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты міндетті:

- осы саясаттың ережелерін басшылыққа ала отырып, оның принциптері мен талаптарын қатаң сақтауға;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасауға немесе жасалуына қатысуға әзірлік ретінде деп басқалардың түсінуіне әкеліп соқтыратын мінез- құлықтан бас тарту.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар.

5.1. Осы саясатқа қосымша ретінде университетте жыл сайын жауапты орындаушы мен орындалу мерзімдері көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіледі.

5.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын қызметкерлер арасында енгізу мақсатында университетте іскерлік қарым қатынас этикасына әсер етуші және қызметкердің этикалық саналы мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған қызметкердің мінез-құлықтың жалпы ережелері мен принциптері қабылданады.

Осы мінез-құлықтың жалпы ережелері мен принциптері университет ректоры бекіткен университеттің педагогикалық қызметкерлерінің этика және қызметтік мінез-құлықтың кодексінде айқындалады.

5.3. Сыбайлас жемқорлық қатерлерін бағамдау сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының бір элементі болып табылады. Университет қызметіндегі нақты әрекеттерді анықтау сыбайлас жемқорлық қателіктерін бағамдаудың мақсаты болады. Осы әрекеттер жүзеге асқан кезде университет қызметкерлерінің жеке пайда табу мақсатында жемқорлық құқық бұзушылық жасау мүмкіндігі арта түседі.

5.4. Университетте жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту келесі тақырыптар бойынша өткізілуі тиіс:

- жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды жауапкершілік;

- жемқорлыққа қарсы тұру мәселелері және оларды университет жұмысында қолданудың тәртібі бойынша заңдылық талаптары мен университеттің ішкі құжаттарымен танысу;

- жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен бірлесіп әрекеттену.

5.5. Университет жүзеге асырып отырған ішкі бақылау жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мен анықтауға мүмкіндік береді. Осымен бірге университет қызметінің нормативтік құқықтық актілер мен университеттің локальды нормативтік актілерінің талаптарына сәйкес келуін қақамтамасыз ету секілді ішкі бақылау мен аудит жүйесінің міндеттерінің жүзеге асырылуы аса қызығушылық тудырады.

5.6. Университет серіктестерімен өзара әрекеттесу кезінде жоғары оқу орнында қабылданған қызмет жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы хабардар етеді. Сонымен қатар жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау жайлы белгілі ережелердің келісім- шарттарға енгізілуі мүмкін.

Университет іскерлік қарым-қатынасты ашық, адал түрде жүргізетін, өз беделіне мән беретін, бизнес жүргізу кезінде жоғары этикалық стандарттарды қолдау үлгісін көрсететін, жемқорлыққа қарсы өз шараларын жүзеге асыратын, ұжымдық жемқорлыққа қарсы бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қатынастар орнатып, оларды сақтап қалуға ұмтылады.

5.7. Университет бұқараны жемқорлыққа қарсы шаралардың енгізілу деңгейі және оларды жүзеге асыру жетістіктері жайлы хабардар етіп отырады, соның ішінде тиісті ақпаратты интернет желісіндегі ресми сайтқа орналастыру арқылы.








6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілік

6.1. Университет және оның барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы жемқорлыққа қарсы заңдылық нормаларын сақтауы тиіс.

6.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылығымен қарастырылған осы саясаттың принциптері мен талаптарын орындауға университеттің барлық қызметкерлері жауапты.

6.3. Осы саясат талаптарының бұзылуына кінәлі тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

КЕЛІСІЛДІ:

Стратегиялық даму және экономикалық мәселелер жөніндегі проректор		Д.Б.Досманбетов
Тәрбие ісі жөніндегі проректор		А.Е.Смаилова
Шаруашылық жұмыстары және ақпараттық технологиялар жөніндегі проректор		Б.Д.Зейтенов
Академиялық мәселелер жөніндегі басқарманың бастығы м.а.		Н.С.Сайлаубекова
«Бизнес, техника және технология» жоғары мектебінің деканы		Ғ.Ж.Тасболат
«Білім беру және педагогика» жоғары мектебінің деканы м.а.		Д.Ж.Серкебаев
HR менеджер		Ғ.С.Каденова

